

AQTÓGAI AJARY

Gazet 1938 jylgy
15 tamyzdan shygady

Aqtogai aýdandyq qoǵamdyq-saiasi basylym

@aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 3 (7945)
Жұма
19 қаңтар
2024 жыл



* Пікір

* Аудан әкімдігінде

Негізгі саяси реформалар сөз болды

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басында «Egemen Qazaqstan» газетіне, академик Дихан Қамзабекұлына кең көлемді сұхбат беріп, 2024 жылға тың межелерді белгіледі. Президент әңгіме барысында былтырғы жылдың маңызды оқиғаларын, негізгі саяси реформаларды атап өткен.

Егер Әділетті Қазақстанды қалыптастыру сияқты аса ірі бастама тұрғысынан келсек, әлемдік деңгейдегі прогресшіл, демократиялық, саяси, экономикалық даму, рухани жетілу, стратегиялық бағыттағы аса ірі межелердің жүзеге асуына бет алғанымызды байқап, қуандық. Жасыратыны жоқ, әлемдегі қазіргі таңда орын алған алуан түрлі келеңсіздіктер, тұтас бір үйлесім жүйесінің бұзылуы тұтасып келгенде әр көшбасшыдан тапқырлық пен ірі саясаткерлікті талап етеді. Осы орайда халықты әлеуметтік жағынан қорғау, бизнеске жәрдем беру, демократиялық, адам құқығын қорғау – басты міндет. Заңның үстемдікке ие болуы, жастарға сенім арту мен қолдау, экономиканың жаңа моделін енгізу – бәрі де саяси, рухани, экономикалық саладағы өркендеуімізге алғы шарт. Адал еңбек

етіп, тұрақтылық пен бірлікті көздің қарашығындай сақтауға үндейді.

– Біз озық ойлы ұлт ретінде халқымызды ыдырататын емес, біріктіретін жолды таңдап, тек қана алға қарауымыз керек. Жалпыұлттық құндылықтар бәрінен жоғары тұруға тиіс. Еңбекқорлық, білімпаздық, кәсібилік, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, іскерлік, бастамашылдық, адалдық, қарапайымдылық және үнемшілдік – нағыз отаншыл, адал азаматқа тән қасиеттер мен құндылықтар. Халқымыздың қуатын арттырып, табысқа жетелейтін осындай қасиеттер мен құндылықтарды жан-жақты дәріптеп, ұрпақ санасына сіңіру арқылы ғана сапалы ұлтқа айнала аламыз, – деген парасатты әрі пайымды түйін бәріміздің ойымыздан шығып, көкейдегіні жеткізгені ақиқат. Біз де осы пікірге толығымен қосыламыз, құптаймыз, қолдаймыз. Демек, Жаңа әділетті Қазақстанның қалыптасуына үлес қосу – әрқайсымыздың негізгі азаматтық борышымыз деп санаймын.

А.Имангазин,
Қарабұлақ ауылдық округінің әкімі.

Бағытымыз – әділ және бәсекелі экономика құру

Қасым-Жомарт Кемелұлы «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында ел өміріндегі ең маңызды оқиғалар қатарына тоқталды. Сонымен қатар, келер жылы ел президенті ұлт мүддесін ескере отырып, сындарлы әрі салиқалы саясатты жалғастыратынын мәлімдеді. Экономикада Президент инвестициялар мен салалардың әртүрлілігін ынталандыру үшін қажетті шаралар қабылдады. Инфрақұрылымдық жобалар мен жаңғырту стратегиялары елдің тұрақты дамуына ықпал етеді. Күрделі кезеңде өз қызметіне кіріскен Президент Тоқаев Қазақстан алдында тұрған басты сын-қатерлерді шешуде табандылық танытты. Оның экономиканы, әлеуметтік саланы дамытуға және халықаралық қатынастарды нығайтуға баса назар аударуы маңызды бағыт екені сөзсіз. Әлеуметтік саясат саласында денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдау жүйесін жақсартуға бағытталған азаматтарға деген қамқорлық сезіледі. Бұл орайда, ресурстық секторға тәуелділікті азайту және инновациялық бағыттарды дамыту бойынша кешенді шараларды жалғастыру әлі де өте маңызды. Әсіресе, жұмыссыздық деңгейі және сапалы білім беру сияқты жекелеген салалар әрдайым қосымша назар аударуды қажет ететіндей. Президент Қ.Тоқаев жаһандық өзгерістер жағдайында маңызды халықаралық қатынастарды нығайту бойынша белсенді жұмыс істеуде. Бітімгершілік, аймақтағы тұрақтылықты сақтау және негізгі геосаяси ойыншылармен ынтымақтастық жөніндегі дипломатиялық күш-жігері мойындауға лайық.

Жалпы, президенттің кез келген мәлімдемесін қалт жібермей ұғыну, оның халық болашағы жолындағы қалтқысыз қызметін бағалау екендігін естен шығармаған абзал. Әрқандай қоғамдық пікір мен әртүрлі көзқарас ескерусіз қалмай дер шағында тиісті амал жасалса, құба-құп. Ел жылнамасынан сыр тарқатар Мемлекет басшысының бұл сұхбаты біздің алдымызға жаңа жылда жаңа мақсат-міндеттер үстейді.

А.Рыстафин,
Қызыларай ауылдық округінің вет. пункт меңгерушісі.

«Ауыл аманаты» жобасы мүмкіндіктерге жол ашады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған Жолдауларында ауыл шаруашылығын дамыту туралы келелі сөз қозғап келеді.

– Ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес. Бұл салада шешімін таппай келе жатқан өзекті мәселелер бар. Атап айтқанда, жұрттың жерге қол

Zoom байланысы арқылы өткен кеңестің күн тәртібінде аудан бойынша 2024 жылғы «Ауыл аманаты» жобасы бойынша кент, ауыл, ауылдық елді мекендер бойынша тапсырылатын скрининг және 2024-2028 жылдары іске асырылатын инвестициялық жобалар туралы екі мәселе қаралды.

Қаралған мәселеге байланысты



жеткізе алмауы, ұзақ мерзімге берілетін «арзан несие» болмауы, кәсіби мамандардың тапшылығы. Өнімділікті арттырып, шикізат өндірумен ғана шектелмеу үшін, сондай-ақ қойма және көлік инфрақұрылымын дамыту мақсатында шұғыл шаралар қабылдау керек, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы 2022 жылы қаңтардағы Мәжіліс отырысында сөйлеген сөзінде халықтың жұмыспен қамтылуы мен табысының төмендігі проблемаларына тоқталып, Үкіметке Халықтың табысын арттыру бағдарламасын әзірлеуді тапсырған болатынды. Осы құжат аясында «AMANAT» партиясы Үкіметпен бірлесіп, «Ауыл аманаты» жобасын іске қосты. Бағдарламаның негізгі мақсаты – микрокредит беру арқылы ауыл халқының табысын арттыру, ауылдық өндірістік кооперативтерге біріктіру мүмкіндігі. Табысы төмен халықтың санын азайту, атаулы әлеуметтік көмек алушылардың жұмыссыз отбасылар санын азайту. Баянды бастама аясында ауданымызда да жүзілі жумыстар қолға алынған. Бұл туралы аудан әкімінің орынбасары Серік Амралин ауыл шаруашылығы бөлімі және кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерімен өткен аппараттық кеңесте сөз етті.

ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі басшысы Н.Көмірбайұлы және Айыртас ауылдық округінің әкімі Қ.Бакиров, Кежек ауылдық округінің әкімі М.Мәкенбаев, Сарышаған кентінің әкімі А.Тойымбеков ақпар берді.

– Өсімдік шаруашылығындағы микрокредит берудің мерзімі – 5 жылға дейін, мал шаруашылығы саласында – 7 жылға дейін. Микрокредиттің ең көп сомасы 2,5 мың АЕК (8,6 млн теңге), зәкірлік кооперацияны дамыту үшін 8 мың АЕК (27,6 млн теңге). Сыйақы мөлшерлемесі жылдық 2,5% құрайды. Тәжірибені зерделеу үшін арнайы жұмыс тобы өңірімізге қарасты елді мекендерге барып, бағдарламаға қатысушылармен, мемлекеттік органдармен кездесулер өткізіліп келеді, – дейді Н.Жанабергенов ақпарында.

Кеңес хаттамасымен кент, ауылдық округ әкімдеріне 2024 жылы ауыл халқының тұрмыс деңгейін көтеруде шағын өнімдерді өңдеуші цехтар ашу, ауыл шаруашылығы бағытынан тыс бизнес көздерін ашу ерекше басымдықта болуы тапсырылды. Осыған орай ауыл халқының әл-ауқатын көтеру үшін жасалып жатқан скрининг мәліметтерін нақты және сапалы жасау атап айтылды.

Думан ҚАБЫЛ.

*** Аудан әкімдігінде**

Тұрғындардың тілегі – тұрақты назарда

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа арнаған Жолдауында: «Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Ха-

сетілгені белгілі. Күні кеше аудан әкімі Руслан Кенжебеков азаматтардың жеке мәселелері мен өтініштері бойынша қабылдау өткізді. Жеке қабылдауға келген тұрғындар аудан әкіміне тұрғын-үй, жұмыссыздық мәсесін алға тартса,



лық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет. Билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады» деп атап көр-

бірқатар тұрғындар жеке мәселелері бойынша ұсыныс-тілектерін жеткізді. Қабылдауда айтылған тұрғындардың өтініш мәселелерін шешуді аудан әкімі тиісті сала басшыларына тапсырып, бақылауына алды.

Өз тілшімізден.

*** Президент тапсырмасын орындай отырып...**

Ауыл ажары – сол өлкенің кескін-келбетінің келісуімен айшықты. Бақсаңыз, қазіргі уақытта ауыл-ауылдың барлығы дерлік замана көшінен қалмай, жергілікті жердің инфрақұрылымын бір ізге түсіріп, жаңашылдыққа бет бұрып жатыр. Оны біріміздің көзіміз көріп, біріміздің құлағымыз естіп, әлеуметтік желі арқылы да қанық болып жатырмыз. Сарытерек ауылдық округінде елді мекенді абаттандыру мақсатында көптеген игі істер атқарылуда. Солардың бірі - көше жарығы.

Ауылдық округке қарасты Жетімшоқы ауылының тұрғындары тарапынан ауылдың кіре берісіне жарық бағаналарын орнату туралы ұсыныстар көтерілген

Ауыл көшесі самаладай жарқырайды



болатын. Халықтың ұсынысы ескеріліп, жыл соңында үнемделген қаражат есебінен елді мекеннің кіреберіс жол бойына диодты көше шамдары орнатылып, халықтың пайдалануына берілді.

– Орнатылып жатқан жарық бағаналары көңіл қуантады. Жап-жарық мекен көзге оттай басылатын болады. Тұрғындардың өтінішіне бей-жай қарамай елеп-ескеріп жатқан басшылыққа, осы істі дер уақытында және сапалы жасаған «Призма Строй Проект» ЖШС-не алғыс ризашылығымызды білдіреміз, – дейді ауыл тұрғындары риясыз көңілдерін білдіріп.

Д.Бақышев.

***Білім**

Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен

Қараменде би ауылдық округі, «Жақып Ақбай атындағы негізгі орта мектебі» КММ біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыруда. Жуырда аталмыш білім ұясында «Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» тақырыбында мектептің ұлдар кеңесі мен әкелер мектебінің ұйымдастыруымен әкелермен ұл балалар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Мақсаты – отбасындағы әке мен баланың арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыру, әке ролінің мәнін түсіндіре отырып, отбасы ұйымдастыру, тірегі әке екендігі және әкее деген сүйіспеншілікті бойына сіңіру бала мен әке арасындағы тығыз ыстық байланысты ұғындыру. Дөңгелек үстелге әкелер қауымы және мектебіміздің 6-9 сыныптың ұл балалары қатыстырылды. Қатысушы әкелер отбасындағы ұл бала тәрбиесіне байланысты өз пікірлерін айтып ортаға салды.

Әкелер мектебінің жетекшісі С.Сарбасова мен ұлдар кеңесінің жетекшісі Ж.Есеев қоғамда негізгі мәселе болып жүрген түйткілді ойлар мен мектеп қабырғасындағы ұлдар тәрбиесі жайында мәселелер жайлы ой бөлісті.

–«Жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз, Жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз» дейді халқымыз. Әр шаңырақта әкеңнің орны ерекше. Әке-жарық дүниедегі ең жақын адамның бірі. Әкені сыйлау, құрметтеу, оның отбасындағы орнын қастерлеп, қадірлеу кез келген баланың перзенттік борышы. Әкесіз бала-жетім. Әке- асқар шың, бақыттың алтын бағы. Әке- баланың тірегі, лүпілдеген жүрегі, ойындағы санасы, өмірдегі панасы. Ол бала үшін барын аямайды, аялап тәрбиелейді, болашағына үнемі бағыт-бағдар беріп отырады. Халық ер адамды сыйлай білмесе тексіз



деп атайды. Әке отбасының асыраушысы. Әкеңнің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы, – дейді С.Сарбасова дөңгелек үстел барысында.

Қатысушыларға қазақтың мақал-мәтелдерінің мәнін ашуға арналған нақыл сөздер айтылды. «Әке асқар тау», «Әке балаға сыншы», «Әкеңнің асыл сөзінен жолымды тауып келмін» сынды мақалдардың мәніне үңіліп ашық ойларымен бөлісті. Дөңгелек үстелге қатысушы әкелер қауымы мектептің ұл балаларына ақыл-кеңестерін айтып, ұлттық тәрбиені насихаттауға және отбасындағы тәрбиенің осал тұстарына шолу жасап, алдын алуға, ойларын ашық айтуға шақырды.

Сонымен бірге Ж.Ақбай атындағы негізгі орта мектебінде «Оқу сауаттылығы» апталығы аясында ұйымдастырылып, 9 сынып оқушылары арасында «Sóz - zerde» зияткерлік сайысы өткізілді. Мақсат оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту, ой - өрістерін кеңейту, тұрақты сөз тіркестері, мақал - мәтелдер және көнерген сөздердің мағынасын ашу, табиғатын тану. Жалпы сайыс сөз тіркестері, мақалдың жалғасын тап, білгенге маржан, бөйге сынды төрт кезеңнен тұрды. Сайыс жоғары деңгейде өтті.

С.Жұмаділова,
Ж.Ақбай атындағы негізгі орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

** Президент тапсырмасын орындай отырып...*

Ақтоғай ауданында 2023 жылы мемлекеттік сатып алулар бойынша атқарылған жұмыстары туралы

2023 жылға аудан бойынша тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алуға мемлекеттік сатып алудың веб-порталына 5 млрд. 532 млн. 029 мың теңгеге жылдық жоспар орналастырылып, бүгінгі күнге 4 млрд. 209 млн. 157 мың теңгеге 1972 келісім шартқа отырды. Қалыптасқан шартты үнем 622 млн. 079 мың теңге.

Оның ішінде: Бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы 297 мемлекеттік сатып алу 387 млн. 810 мың теңгеге (ақпараттық есептеу орталығы, коммуналдық қызметтері, «Азаматтарға арналған үкімет» АҚ т.с.с) жоспарланып, 344 млн 905 мың теңгеге 262 келісім шартқа отырды;

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілі арқылы 2420 мемлекеттік сатып алулар 1 млрд. 419 млн. 867 мың теңгеге жоспарланып, 982 млн. 064 мың теңгеге 1512 келісім шартқа отырды (өткізілмеген мемлекеттік сатып алуларды бір көзден сатып алулары қосқанда);

Әлеуметтік мемлекеттік тапсырыс 5 мемлекеттік сатып алу (ішкі саясат, жұмыспен қамту бөлімдері, жастар ресурстық орталығы) 23 млн. 378 мың теңгеге жоспарланып, 23 млн. 378 мың теңгеге 5 сатып алу жарияланып, 17 млн. 922 мың теңгеге келісім 4 келісім шартқа отырды, қалыптасқан шартты үнем 73 мың теңге;

Негіздемелік келісім бойынша (байланыс қызметі, интернет, жанар-жағар май сатып алу) 70 мемлекеттік сатып алулар 19 млн. 817 мың теңгеге жоспарланып, 16 млн. 626 мың теңгеге 66 келісім шартқа отырды;

Тұрғын үй сатып алу 25 мемлекеттік сатып алу 240 млн. 930 мың теңгеге жоспарланып, 25 үйге 240 млн. 930 мың жарияланып, 239 млн. 927 мың теңгеге 25 келісім шартқа отырды. Қалыптасқан шартты үнем 1 млн. 003 мың теңге.

(15 тұрғын үй ТҮКШ бөлімі бойынша жарияланып, 15 тұрғын үйді сатып алу бойынша 89 млн. 927 мың теңгеге келісім шартқа отырды.

10 тұрғын үй құрылыс бөлімі арқылы жарияланып, 10 тұрғын үй сатып алу бойынша 150 млн. теңгеге келісім шартқа отырды);

Электрондық дүкен арқылы 83 мемлекеттік сатып алу 15 млн. 959 мың теңгеге жоспарланып, 14 млн. 259 мың теңгеге 64 келісім шартқа отырды;

Конкурстар бойынша (ашық, біліктілікті алдын-ала анықтау, рейтинг-балдық жүйе тәсілдері арқылы) 60 мемлекеттік сатып алу (оның ішінде аудандық ББӨ бойынша 52 конкурс, білім бөлімі бойынша 8 конкурс) 3 млрд. 424 млн. 268 мың теңгеге жоспарланып, барлығы 3 млрд. 424 млн. 268 мың теңгеге 60 конкурс жарияланып, 2 млрд. 593 млн. 454 мың теңгеге 39 келісім шартқа отырды, қалыптасқан шартты үнем 400 млн. 444 мың теңге.

Аудан көлемінде іске асырылған ірі жобалардың мемлекеттік сатып алуларына тоқталатын болсақ:

Құрылыс жұмыстары бойынша - Ақтоғай ауданы Сарышаған кентінде 150 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу, Қарағанды

облысы Ақтоғай ауданы Жидебай ауылдық округінің Жаланащ ауылына су құбыры желілерін салу;

Жолдары жөндеу жұмыстары – Ақтоғай-Шылым-Ақжарық автожолындағы су өткізгіш құбырларды ағымдағы жөндеу жұмысы, Кежек ауылына кірме автожолындағы су өткізгіш құбырларды ағымдағы жөндеу жұмысы, Ақтоғай ауылының Еркін Ел көшесіндегі автомобиль жолын орташа жөндеу, Нарманбет ауылының ауылшілік жолын орташа жөндеу, «Ақтоғай-Шылым-Ақжарық 43-53 шақырым учаскесі аудандық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеу жұмысы, Сарытерек ауылының Ақшкөл көшесіне көтерме жол жасау, Нарманбет-Айыртас автомобиль жолын ағымдағы жөндеу жұмыстары.

Сонымен қатар, бірқатар басқа да аудандық маңыздағы жолдарды күтіп ұстау, жол белгілерін орнату, құрылыс және күрделі жөндеу жұмыстарының техникалық қадағалау қызметтері, күзет қызметтері, материалдық-техникалық жабдықтау сатып алу, ғимаратқа орташа, ағымдағы жөндеу, абаттандыру жұмыстары бойынша конкурстық рәсімдер жүргізіліп, жеңімпаздармен келісім шартқа отырды.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңдылықтар бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу жалғасын тауып келеді. Бөлімнің инстаграм-парақшасы арқылы 2022 жылы атқарылған жұмыстар туралы 4 рет тікелей эфир өткізілсе, ZOOM қосымшасы арқылы бейнеконференция режимінде 3 рет семинар өткізілді. 10 ақпан 2023 жылы бөлімнің ұйымдастыруымен «Эрудит Астана» оқыту орталығы мамандарының қатысуымен «2023 жылы мемлекеттік сатып алу заңдылықтарына енгізілген өзгерістер» тақырыбында Ақтоғай ауылында семинар өткізіліп, 32 қатысушыға (ауылдық округ әкімдері, мемлекеттік сатып алумен айналысатын мамандар) арнайы сертификаттар берілді.

Мемлекеттік сатып алу заңдылықтарына және веб-порталына енгізілген өзгерістер туралы бөлім тарапынан барлық бюджеттік бағдарлама әкімгерлеріне хаттар жолданып, аудан әкімінің, экономика және қаржы бөлімінің ресми интернет ресурсында тоқсан сайын жарияланып отырылады. Сонымен қатар, «Aqtogai aǵary» Ақтоғай аудандық газетіне жыл басынан бері аудандағы мемлекеттік сатып алу бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде 4 рет мақала жарияланды. Бюджеттік бағдарлама әкімдерлерінің мамандары мен бухгалтерлері арасында іске қосылған әлеуметтік желі (ватсап) арқылы да түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізілуде.

Барлық конкурстық рәсімдер уақытылы жарияланып, келісім-шартқа отыру қадағалануда. Бөлім бойынша сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысындағы талаптарды бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 2-15-92 сенім телефоны жұмыс жасайды.

Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімі.

** Спорт*

Күш атасын танымас...

Қазақ күресі ұлтымыздың өмір тарихымен тығыз байланысты. Қазақы накыштағы әрбір ас, тойлар балуандардың күш сынасуымен жалғасып жататыны соның дәлелі. Онымен қоса ат жарысы, ақындар

айтысы да халық делебесін қоздырып, ел мен ер мерейін үстем етіп жатады. Қазақ күресін бүгінде әлемнің көптеген елдері танып білді. Қазақ күресінен өткізілетін жарыстар республикалық дәрежеден асып, Азия және Әлем біріншіліктері деңгейінде өткізіле бастады. «Қазақстан барысы», «Евразия барысы», «Әлем барысы»

турнирлері қазақ күресінің орнын айшықтап берді. Әр аймақта спорт үйірмелері ашылып, онда қазақ күресіне басымдық беріп, көптеген жас жеткіншектер тәрбиеленіп шығаруда. 2011 жылдан бастап ел Президенті жүлдесі үшін «Қазақстан барысы» республикалық турнир өткізіліп келеді.

Бүгінде қазақ күресінде Ақтоғай балуандарының орны ерекше екенін ашық айтуға болады. Олай дейтініміз талай дүбірлі додаларда Ақтоғай спортшылары сыр бермей, ұлтымыздың ұлылығын паш етіп келеді. Сөзіміздің айқын бір дәлелі таяуда Теміртау қаласында өткен облыстық чемпионатта жастарымыз жеңіс тұғырынан көрінді. Нақтырақ айтсақ 2008-2009 жылғы туған

жасөспірімдер арасында өткен қазақ күресі сайысында аудан біріншілігінен іріктелген спортшыларымыз шындалған шеберліктерін танытып жақсы көрсеткіштерге қол жеткізіп, Қазақстан чемпионатына жолдама



алды. Сонымен 46 келі салмақта белдескен Тәңірберген Нұрболат I орын, 50 келі салмақта Серекбай Алижар I орын, 50 келі салмақта Ахмедиев Уалихан I орын иеленсе, 55 келі салмақта Ақылбекұлы Нұрдос жүлделі II орынды қанжығалады. Сондай-ақ, 60 келі салмақта күрескен Бижан Олжас пен 75 келі салмақта өнер көрсеткен Байжан Қуаныш жеңімпаз атанды.

Иә, қазақ күресі ердің намысы, елдің абыройы сынға түсетін сындарлы шақ. Бүгінде бұл спорт түрінен ақтоғайлық балуандардың жұлдызы жанып тұр. Енді елдік мәреде спортшыларымыз аудан, аймақ атын шығаруына тілекшіміз.

Ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімі.

Жерлесіміз чемпион

Күні кеше Қарағанды облысының әкімдігі, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен Шахтинск қаласында 2004-2006 жылы туған жастар арасында қазақ күресінен облыс чемпионаты болып өтті.

Аймақтағы «сен тұр, мен атайын» деген сом білекті, арыстан жүректі балуандардың басын қосқан байрақты бәсекеге жерлесіміз Көмекбай Арнұр қатысқан болатын. 66 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен балуанымыз, шындалған шеберлігін танытып, өдемі әдіс айласы қарсыластарынан басым түсіп, жүлделі I орын иеленді.

Көмекбай Арнұр Жидебай ауылдық округі, Сәуле ауылындағы Қ.Нұржанов атындағы мектептің 2023 жылы бітірген түлегі. Қазіргі уақытта ҚарУ-де I курста оқиды. Қазақ күресі мен дзюдадан спорт шеберлігіне үміткер.



Алдағы уақытта Қарағанды облысы атынан республикалық чемпионатқа Талдықорған облысына барып бақ сынамақ. Жерлесімізге алдағы болатын чемпионатта сәттілік пен жеңіс тілейміз.

Жидебай ауылдық округі әкімі аппараты.

***Сәкен Сейфуллиннің туғанына – 130 жыл**

Социалистік төңкеріске тікелей қатысқан жалғыз қазақ ақыны Сәкен Сейфуллиннің өмірі күреске толы болды. Ол қазақ әдебиетінің жаңа бағытта дамуына өз үлесін қосты. Сәкен (шын аты Садуақас) Сейфоллаұлы 1894 жылы 23 мамырда Ақмола облысы, Ақмола уезінің Нілді болысында — Нилді мыс қорыту зауыдына таяу жердегі қазақ ауылында туған. Қазіргі әкімшілік бөлік бойынша бұл жер Қарағанды облысының Жанарқа ауданына қарайды. Мемлекет және қоғам қайраткері,

даулы өкілдері «халық жауы» деген атаққа ие болған кезеңде Сәкеннің түрі жабынқы еді. Қамау қарсаңында, 1937 жылының күзінде, Сәкен өз үйінен сирек шығатын, Гүлбахрам Батырбекқызының естелігі бойынша: «Ол біраз ғана күн Алматыға жақын тұста Байсерке ауылының киіз үйінде тұрған. Сол уақыттағы көңіл-күйі аса қайғылы еді: ол түнерген және де тұйық. Оның хал-жайын келіп сұраған адам болмады, анда-санда Сәбит Мұқанов келетін. Сол уақытта оның жақын достары – Илияс Жансүгіров

оқиға айтып берген. Оны оған бұрынғы тау-көшші, Қолымада түрмеде отырған Иван Николаевич Мудров айтқан. 1938 жылы Горький атындағы алтын қазатын кеніште оны Қазақстаннан келген жерлеспен таныстырды. «Бізді Сәкен Сейфуллин екеумізді түрмеге бір уақытта жеткізді, тіпті бір көлікте. Алдымен біз Владивостокқа дейін жеттік, артынан – кемемен тікелей Магаданға келдік. Мен ол уақытта бір аптадай жұмыс істегенмін. Сонда біздің бригадир Мостовой келіп: «Бұл жерде сенің жерлесің бар. Арғы шатырда» деген. Біз кездестік. Мен

мемлекет тарапынан берілген 2 бөлмелі пәтер еді. Оның бір бөлмесі – мұражай ретінде сақталды: жерден төбеге дейін Сәкеннің портреті, қасында айнасы, өтірі, тарағы. Мен білмегендіктен кейін тарағын қолыма алдым, алайда Гүлбахрам тате маған барлығын түсіндіріп тарақты қолымнан жұлып алды. Бірінші күні Гүлбахрам тате мені дүкенге апарып жібек алып, сәнді де сұлу көйлек тіккен. Сіз күйеуіңізге де киім тіккенсіз бе деген сұрағыма Сәкен дайын киім алатын деген жауап болды. Бірақ бір уақытта сәнге қытай жібектен

Сәкен Сейфуллин туралы қызықты деректер



ақиық ақын, жазушы Сәкен Сейфуллиннің өмірбаяны Ақмоламен қазіргі астанамен тығыз байланысты. Қазақтың маңдайына жұлдыз болып бұйырған бес арыстың бірі Сәкен Сейфоллаұлы 1894-1938 жылдар аралығында өмір сүрді. Сейфуллиннің Ақмоладағы өмір жолы мен Гүлбахрам жеңгеміздің тартысқа толы өмірі және тағы басқа Сәкен Сейфуллин жайында әзірленген қызықты деректерді ұсынамыз.

1. 1917 жылы қазақ әдебиетінің негізін салушыларды бірі Сәкен Сейфуллин Ақмола қаласына көшіп келді. Сол жылы 27 желтоқсанда Ақмолада Кеңес үкіметі орнады. Сәкен Сейфуллин ағартушылық халық комиссары болып тағайындалды. Сонымен қатар, оны Ақмола депутаттар кеңесіне өкіл ретінде сайлаған. 1918 жылы 4 шілдеде Ақмоладағы билік ақ гдардияшының қолына қонды. Қазақтар барлық большевиктерді тұтқындап жүрген кезеңде Сәкеннің достары қалма деген кеңесіне қарамастан Сәкен қалада қалды. Оны тұтқындап түрмеге қамады.

2. 1919 жылы қыста тұтқындалғандарды Омбы қаласына жеткізу шешім қабылданды. Келген 15 адамның ішінде екеуі-ақ офицер болған, қалғандары – баскесерлер. Ақмола қаласында сол 15 адамға тағы да 40-қа жуық өз еркімен келген жергілікті тұрғындар қосылған. Қантар айының сұрапыл аязында 50 арестант Омбыға жаулап жетуі тиісті. Қарауылшылардың арасында Сейфуллин өзінің туысканын таныды, бірақ бұл жайт оған көмектесе алмады.

3. С.Сейфуллинмен достары қашуға шешім қабылдады. Олар екі жеке куәлік ететін құжат іздеп тауып алып, кейін әдетінше қар тасып шығаратын тұтқындалған Аустрия азаматтарымен келіскен. Арестанттар ризаласып, шанаға қардың астына қашқынын біреуін отырғызуға көнген. «Мен тездетіп өніммен төмен жаттым. Үстіме ауыр жұмаршақ қар түсті. Оның үстіне тақта қойылып үстіне адам отырды. Ауа жұтудың өзі қиынға түсті бірақ мен шыдадым». Осылайша 1919 жылы сәуірдің 3 күні Сәкен Сейфуллин Колчак түрмесінен қашқан.

4. 1937 жылы қазақ зиялылардың таң-

пен Бейімбет Майлин – жазаға тартылған еді. Сәкенге нағыз жұбаныш болған тек қана кішкентай баласы Аян».

5. Жақын арада ІХХ Гүлбахрамды Еділ өзенінің бойындағы әйелдер колониясы бар Атбасарға қарай жер аударды. Жолда иістенген, лық толған вагонда баласы Аян ауырып дүние салған. Көкшетау қаласында қарауылшыға жалынған Гүлбахрам жергілікті татар қарттарының көмегімен теміржолдың қасына баласын жерлеген.

6. Гүлбахрам 7 жыл бойы Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагерінде өмір сүрген. Оның ағасы Абдулла, сол уақыттағы елде танымал инженер-гидромелиоратор, Гүлбахрамның Қаскеленге ауысуына себептес болған. Абдулла оған Алматыдағы пәтерімен Роза, Зейнеп және София атты кішкентай қыздарын Гүлбахрамның қамқорлығына қалдырып, өзі Челябинск қаласында гидроэлектростанция соғуға кеткен.

7. Мұхтар Әуезов Сәкеннің тұлғасымен шығармашылығы туралы былай айтқан: «Сәкеннің ақиқаттығы жүрекпен сананы оятқан, қанаттандырған. Ол сенім туралы айтса – ол шынайы сезім, ол шындық туралы айтса – бұл рухтың азабын шеккен шындық. Сондықтан осы адамның өткен жолы ерекше. Жолында самғау да болды, жығылу да болды. Сәкен Сейфуллиннің жолы – шынайы жалынды ақынның жолы».

8. Бірінші баласы Лаура – дүниеге келген кезде, Сәкенге қастық ойлаушылар әйелі Гүлбахрамға күйеуінің басқа әйелмен жолығып жүргенін айтады. Зайыбы жалаң өсекке сенбеген, бірақ Сәкеннің іссапарын қолдап, қызын алып Мәскеуге кеткен. Мәскеуде Гүлбахрам стенографшының қызметін атқарып, жартылай төле үй-жайдан пәтерді жалға алған. Кішкентай Лаураның сол жерде денсаулығы нашарлап, қатты ауырып, Лаура дүниеден өткен.

9. 28 жасында Сәкен Сейфуллин Кеңестің III съезінде Кеңестің халық комиссариятының төрағасы болып тағайындалды. КХК төрағасының лауазымы қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Премьер-министрдің лауазымымен бір қатарға қоюға болады. Бұл мансапта Сәкен Сейфуллин қазақтарға тарихи атын қайтару мен қазақ тілін мемлекеттік тіл болып жариялау үшін күрескен. 1923 жылы 15 ақпанда «Еңбекші қазақ» газетасында Сәкеннің «Қазақтарды қазақ етіп атайық, қателікті түзейік» атты мақаласы жарық көрді: «Бүгінгі күнге дейін орыстар қазақты «киргиз» деп атаған... Ақсүйек мырзалардың әйелдері иттерін бақтағанда: «Сен Полкан қырғыздан жамансың» дейді, ал қазақтың кейбір қасиеттері ұнамаса: «Қырғыз ғой» деген». Кеңестің V съезінен кейін 1925 жылы қазақтарды қазақ деп атаған. Сол мақаладан кейін Мәскеу әкімшілігі Сәкенді ұлтшыл деген шешімге келді.

10. Қарағандылық өлкетанушы Юрий Попов Сейфуллиннің моласының орналасқан жері туралы таңқаларлық

оның түрмеге дейін кім болып істегенін сұрағанында, ол жазушымын деп жауап берген. Сейфуллин маған ылғи келіп тұратын себебі мен білекті жұмыс атқарған соң маған нанды 2-килограмдап беретін. Темекі шекпейтін. 1940 жылы ақпан айында Мостовой келіп: «Сәнің



жерлесің қашып кетті» деген. Сәуір айында эстакада да топырақ тазалаған кезде Сәкеннің денесін таптық. Бушлатын шешіп, киімін ауыстырып, табытсыз жерледік. Ағаш биркада: «Сәкен Сефуллин, туған жылы, өлім күні» деп жазып, мен өз қолыммен оны аяғына сыммен байлап бекіттім».

11. Гүлбахрамның естеліктері бойынша Аян туылған соң Сәкен балажан әкеге айналды. «Аяңды қырқынан шығарғанда Сәкеннің өзі әбігерленді. Сәкен «Біздің түрмесі» кітабын шығарғанда кейіпкердің біріне Аян деген ат берген. Жалпы өзіне Аян, Ардақ аттары өте ұнаған. Ал Сейфуллиннің баласына атын берген Мұхтар Әуезов».

12. Сәкен Сейфуллиннің азан айтып шақырған Садуақас, бірақ алғашқы мансап жолына ол Сәкен болып жеткен.

13. Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» атты романы туралы Сәкеннің досы әрі серігі Сәбит Мұқанов былай жазған: ««Тар жол тайғақ» бір жағынан оқиға, бір жағынан – саяси грамотасының оқулығы, бір жағынан – қызықты, оқушыны жаулап алатын әдебиет шығармасы».

14. Сәкен Сейфуллин Қазақстанның жазушылар одағының негізін қалаған адамдарының бірі және де өмірінің аяғына дейін оның басшылық қызметін атқарған. Ол қазақ даласының жазушылары арасында бірінші болып «Трудовое Красное Знамя» орденінің иесі болған.

15. Назкен Айнабекқызының естеліктерінде: «2-3 курс білімгері болып жүрген уақытымда Сәкеннің жарының шақыруымен мен сол кісінің үйіне қонақ ретінде келдім. Бұл кісінің үйі Сәкеннің құқығын қалпына келтірілген соң

тігілген пенжек енді. Гүлбахрам жарына айтпай материал алып, жасырын өлшемін алып ол жұмысқа кеткен уақытта тігіп отырғанмын. Уайымдап жаңа пенжеккі сыйлаған кезінде Сәкен қатты қуанған еді. Кейіннен өзі төтеге қол тігін машинканы алып берген. Сол

нәрсе кейін тәтені, Шораны және Бозтайдың үш қызын асыраған».

16. Гүлбахрам тәтенің естелігіне сәйкес Сәкеннің үйі жастарға толы еді: Сәкеннің бауырының қызы Малика, Гүлбахрамның сінлісі Гүлбану, Айнаш. 1930 жылы Сәкен Қарағандыдан Жая мен Серік Рақымбековтарды алып келіп, біріншісі – агрономия факультетіне түсті, оны бітірген соң колхоздың төрағасының қызметін атқарған. Серік жүргізушілердің курсына жазылған. Мұса Жүсіпбекұлы 1932 жылы зооветеринария институтын бітірген. Кешке, кешкі астан кейін

Сәкен барлығын жинап сабақ өткізген. Оқуды әліппеден бастап, кейін Сәкен сатып алып, өкелген кітаптарды оқытқан.

17. Гүлбахрам Сәкеннің барлық киімдерімен заттарын сақтаған. Сәкеннің аяқ киімінің өлшемі 41 болған, бірақ ол аяқтың еркін тұрғанын қалап әдеттегідей 42 өлшем сатып алатын. Сақталған нәрселердің арасында моншаға баратын шабадан, үш дана алтын сағат, түрлі блокноттар, піл сүйегінен жасалған мүштік (өзі темекі тартпаған, достарының сыйлықтары). Оның алтын сағаттары мен портсигарларды Жаяның сінлісі Бейбіжан сақтап алды. Сәкеннің сағаты таңғы 7:15 тоқтаған – ол Сәкеннің қолы жасаған соңғы бұрау болған.

18. КСРО жазушылар одағы съезінде Сәкен Сейфуллин қазақ халқының әдетімен салт-дәстүрін білмейтін орыс жазушыларды сынға алған. Айрықша көп ұрыс естіген Всеволод Иванов пен Виктор Шкловский: «Всеволод Иванов азиат елдері туралы көп жазады. Алайда оның шығармашылығында кіші елдерге қараған шонжарлық әдеттері байқалады. Кейде Иванов оларды есуас етіп бейнелейді. Ол тіпті географияны білмейді, Қазақстан қайда тұрғанын, қазақтар кім екендігін білмейді».

19. «Сәкен, ең алдымен, өтірік дегенді білмейтін адам еді. Оның досы да, дұшпаны да көп болды. Солардың ешқайсысы не бұрын, не қазір Сәкеннің жалған сөйлегенін не көрдік, не естідік демейтін тиіс. Сәкен аса уәдешіл болатын, уәделі ісін бұлжытпай дер кезінде орындайтын. Екі сөзді айтпайтын» деп, өмір бойы қол ұстасып өткен жан досы Сәбит Мұқанов жазған болатын.

Qazaqstan tarıhy portalyнан алынды.

Шығыс Түрік қағандығы

603 жылы Ұлы Түрік қағандығы Шығыс Түрік (Орталық Азия) және Батыс Түрік (Орта Азия) қағандығы болып екіге бөлінгеннен кейін қағандықтар дамуында қилы кезең басталды. Шығыс Түрік қағандығы Суй империясымен соғыс кезінде мемлекет тәуелсіздігін сақтап қалған Шиби (609-619 жж.) және Қытайға қарсы 67 жорық жасаған Хели (С.Кляшторныйда – Ел қаған) (620-630 жж.) қағандардың кезінде Орталық Азияға ықпалын жүргізді. Хели қағанның Қытайға жасаған жорықтарына қатысқан қуатты қолдың ұзын саны 100-150 мыңның төңірегінде жетіп жығылды.

Үздіксіз соғыс қалың әскерді қару-жарақпен, атпен, азық-түлікпен және тағы басқасымен мол көлемде жабдықтауды қажет етті. Сондықтан, қаған соғыстан түскен олжа мен табысты місе тұтпай, халықтан жинайтын әртүрлі салықтар мен төлемдердің мөлшерін өсірді. Сан мыңдаған атты әскер жасағын үздіксіз жабдықтау ауырталығына көшпелі қоғамда жиі болып тұратын жұт пен ашаршылық апаты қосымша болды. Әсіресе, 627-629 жылдары орын алған жойқын жұт пен ашаршылық түріктердің негізгі байлығы – мал шаруашылығын ауыр күйзеліске душар етті. Жергілікті ру-тайпа басыларына Хели қағанның ел басқару ісіне қытайлар мен соғдылықтарды араластыруы да ұнамады. Дегенмен де, барлық мақсаттан елдің тәуелсіздігін жоғары қоятын және осы игі мақсатқа халықты ұйымдастыра алатын және ең басты қауіптің Қытайдан төніп тұрғанын жақсы түсінген Хели қаған тәрізді тарихи тұлғалардың түркі дүниесі тарихында жиі кездесе бермейтіні де ақиқат еді. Алайда, түркілер мұндай маңызды мәселеге терең бойлай алмады және өздерінің арасынан шыққан Хели қағанның төңірегіне топтаса түсудің орнына, ру-тайпа көсемдерінің сонына ілесіп, шатасты және соның салдарынан Қытайдың іштен іріту саясатының құрбаны болды.

626 жылдан бастап түркітілдес тоғыз телес (тоғыз оғыз) Хели қағанға қарсы көтерілісті бастаса, екі жылдан соң оларға сір-ендалар (қыпшақтардың бабалары), ұйғырлар, байырқулар (наймандар мен керейлердің бабалары), қидандар (қарақытайлар) қосылды. Деректер осы тұста 100 мыңға тарта Шығыс Түрік қағанаты тұрғынының Хели қағаннан бөлініп, Қытай билігін мойындап кеткенін айтады (Т.Омарбеков, Қазақ мемлекеті: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны. А., 2017 ж., 54-55-б.).

Қалың бұқараның наразылығы мен бірнеше тайпаның көтерілісі кесірінен Хели әскері Қытаймен соғыс кезінде (630 ж.) жеңіліске ұшырап, талқандалады. Ал, өзі тұтқынға түсіп, 634 жылы көз жұмады. Бұдан кейін қағанның ең соңғы адал сұлтаны, Хелидің ағасы Ышбара Сүйіншішад Қытайға беріледі де, Шығыс Түрік қағандығы 50 жылға тәуелсіздігінен айырылады.

50 жыл бойы Қытайға болып (630-681 жж.), 681 жылы көтеріліске шығуы нәтижесінде қайта жанданған Шығыс

Түрік қағандығы кейбір ғылыми әдебиеттерде Екінші Шығыс Түрік қағандығы деп аталады. Шығыс Түрік қағандығы өзін қалпына келтіру үшін 679 жылдан бастап көтеріліске шығады. Оған қытайша білім алған ақсүйектер жетекшілік еткен болатын.

Сондай көтеріліс басшыларының бірі – Құтылық еді. Өз есімі – Құтылық, Елтеріс Білге – лауазымы. 682 жылы Құтылық өзінің аз ғана серігімен жаңа көтерілісті бастады. Оның рухани қолдаушысы бұрын Қытай астанасында тұрып, олардың соғыс әнерін жақсы меңгерген, түріктердің Асадыр тайпасынан шыққан данышпан Тоныкөк еді. Небары 700 адамнан тұратын көтерілісші Қарақұм қаласын басып алып, өздерінің санын 5000 адамға дейін көбейтті. Тоныкөк жазбасында бұл мәселе былай баяндалады: «Бод (тақ) киесі қалмады. Орман, тау арасында қалғаны жиылып, 700 болды. Екі бөлігі атты еді. Бір бөлігі жаяу еді... Біріктірушісі мен едім – Білге Тай – Ұқұк (Тоныкөк)... Одан

– оғлан (кейінгі Білге қаған) небәрі 7 жаста, ал Құлтегін 6 жаста еді.

Қапаған қағанның 694, 697, 698, 701, 706 жылдары Қытайға жасаған жойқын жорықтары ондағы 23 қаланы жермен жексен етіп, сан мыңдаған қытайды түрік жеріне тұтқын етіп айдап кетумен аяқталып отырды. 697 жылы Қытай шапқыншылығына ұшыраған қидандарды, бүкіл Маньчжурияны өзіне қосып алуы, Туваны бағындыруы, 709-710 жылдары Енисей қырғыздарының мемлекетін талқандауы, 709 жылы тоғыз оғызды жеңуі және 711-712 жылдары Енисей азарлары мен шіктерін өзіне қаратуы – қағанатты Орталық Азияның қожасы етті. 711 жылы Қапағанның баласы Инел мен Тоныкөк басқарған Шығыс Түрік әскері түргештердің әскерін Жоңғариядағы Болучи өзенінің бойында талқандайды. Сырдарияның арғы бетіне қашқан түргеш әскерінің қалдықтарын қуалай отырып, Тоныкөк және Елтеріс балалары – болашақ Білге қаған мен Құлтегін басқарған шығыс

лауазымында болған. Немере ағасы Қапағанға еріп, бірқатар жорықтарға қатысты. 14 жасында «Тардуш елінің шады» лауазымын алған. Қытай жазбаларына сүйенсек, Білге қаған 700 жылы – Таңғұтка, 702-706 жылдары Қытайға, 709-713 жылдары батысқа жорық жасаған. Білге қаған Шығыс Түрік қағанатының тағына отырып, «қаған» лауазымын алады. Құлтегін қағанаттың сол қолының шады және бас қолбасшысы болып тағалайындалады. Тоныкөк 718 жылы мемлекеттік кеңесші қызметін иеленеді. Білге қаған билік еткен тұста абыз Тоныкөкті Қытаймен бітім жасау мақсатында (722 жылы) елшілікке жібереді. («Айбын». Энциклопедия, А., 2011, 228-б.). Осының нәтижесінде 722 жылдан 741 жылға дейінгі 20 жыл бойы халық бейбіт өмір сүреді. Қытай императоры Сюань – Ұзун 727 жылы символикалық «сый» – түрік ставкасына 100 мың кип жібек жібереді. Бұл солтүстік шекарадағы Білге қаған ешқашан бұзбаған бейбіт өмір үшін жасалған жомарт сый еді (Қазақтар, 29-б.). 731 жылы Құлтегін, ал, көп ұзамай, 734 жылы Білге қаған да қайтыс болады. Оны Қытайда елші болған түрік ақсүйегі у беріп өлтіреді. Шығыс Түрік қағандығы кезінде түркі әскерінің даңқы асып, қағандық өзінің шырқау биігіне көтерілді. Құтылық, Қапаған, Білге қағандар кезінде қуатты мемлекет болды. Білге қаған қайтыс болған соң, түркі тайпаларының арасында қағандыққа талас басталды. Түркілер 744 жылы ұйғырлардан жеңіліп, саяси қасіретке ұшырады. Бұрынғы орталықтарын жоғалтып, Қашқар мен Жетісуға ығысты (Қ.Аманжолов, А.Тасболатов). Ол жерде үйсін, қанлы, дулат, шігіл, тағы басқа тайпалармен қосылып, батыс түркілер жерінде Түргеш, Қарлұқ қағандығы мен Қараханиттер мемлекетін құрды.

Түркі қағанатын Төңірі тектес ұлдары аттай екі ғасыр арасында (552-744 жж.) ат үстінде жүріп, мемлекеттің даңқын дүниенің төрт тарабына жайды. Басынан бақ тайған ғұндардың жұртындағы шашыраған елдің басын қосқан бірінші тұлға Бумын қаған еді. Мұнан кейін Түрік қағанатынан Тон жабғы, Тардуш, Истеми (Естемі) қаған, Қапаған қаған, Білге қаған, Құлтегін, Тоныкөк сияқты туысы бөлек әйгілі ерлер, ақылгөй даналар шықты. Төңірлік дін – Түркі қағанатының мемлекеттік діні болды. Қағанаттың халқы түркі жазуын қолданып, түркі тілінде сөйледі. Сол тілдегі әйгілі тас қашау жазуларын қалдырды. «Құлтегін» жыры да осы тас жазуы арқылы бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр. Осы жырдағы Білге қағанның «Ілгері – күн шығысында, оң жақта – күн ортасында, кейін – күн батысында... Осының ішіндегі халықтың бәрі маған қарайды» деуі түріктердің қаншалықты зор мемлекет құрғанын көрсетеді. Жалпы алғанда, түріктердің мәдениеті көп халықтарға қарағанда жоғары деңгейде болған (Б.Жұмақаева). Жергілікті халықтар түріктердің мәдениетіне, әдет-ғұрпына көшіп, дінін қабылдаған.

Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ,
тарихшы.



соң Көктегі Төңірі билік бергендіктен, өзін күдіретті қағанмен ұғыстым». Бұл деректе күдіретті қаған аталып отырған Құтылықты көтерілісшілер Қарақұмда «Елтеріс Білге қаған» деген атпен таққа отырғызды (Т.Омарбеков).

Осылайша, Елтеріс Білге қаған таққа отырған 682 жылдан бастап, Екінші Шығыс Түрік қағандығының өмірі басталды. 682-687 жылдары шығыс түркілер Қытайға қарсы азаттық күрестің нәтижесінде өз мемлекеттерін қайта құрды. Құлтегін жазбасы бойынша, Білге Құтылық «Тудун» лауазымында қытайларға, оғыздарға, хуригандарға, қырғыздарға, хяндар мен татабилерге қарсы 47 жорық жасап, ірірі 20 шайқаста түркілер қолын бастап жеңіске жеткен (З.Қинаятұлы). «Душпанын келісімге мәжбүр етеді, тізеліні – бүктіреді, бастыны – иіреді».

Білге Құтылықтың әкесі де Ашина тайпасын бастап жорыққа қатысқан. Білге Құтылық ел ордасын ежелгі Өткенге тігеді. Оның тұсында Шығыс Түрік қағанаты территориясы Алтайдан Шығыс Моңғол құмына дейін созылды. Талай жеңіске қол жеткізген ол 691 жылы (Л.Гумилевте – 693 жыл) қайтыс болған соң, балалары Мойынчор мен Құлтегін жас болғандықтан қағанның інісі Бөгчор (Л.Гумилевте – Можчо) Қапаған қаған деген атпен таққа отырды. Бұл кезде Бөрі

түріктерінің әскерлері соғдылықтарды күйрете жеңді (Қазақтар, I том, А., 2003, 29-б.). Қапаған алғашқы Шығыс Түрік қағанатының құдыретті қағаны Хели (Ілік) тұсындағы түркілердің айбарлы мемлекеттігін қалпына келтірді. Оның әскерінің саны 400 мың адамға жетті. Тарихи деректерде Қапаған тақта отырған мезгілде «Қосыны Хели тұсындағы қосынның санына жетті. Жерінің аумағы он мыңдаған шақырымға созылды. Бодан елдердің бәрі дерлік оның өмірін қабылдады» делінеді.

Қапаған Таң империясының орталық аймағына неше мәрте шанды жорық жасап, Орта Азияны толық бақылауына алды. Түркі халқы мен мемлекетін дегеніне жеткізді. Орхон бойына Орда-балық сынды алып қала салды (Т.Зәкенұлы). Бүкіл дүниені уысында ұстаған алып ер 716 жылы жазда Тоғла өзені бойындағы байырқыларға жаза жорығын жасап, қайтар жолында жол тосқан қарақшылар тарапынан мерт болды.

716 жылы Қапаған қағанның қаза болуы және оғыздардың көтерілісі салдарынан пайда болған үкімет дағдарысы қағанатты ауыр жағдайға душар етті. Осы қиын жағдайдан мемлекетті Білге қаған мен інісі Құлтегін шығарды. Білге – Құтылықтың баласы, Құлтегіннің ағасы. Алғашында «тегін»

***Халық табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы**

«Кәсіпкерлерге көмек көрсетуіміз керек. Өйткені, олар – экономикамыздың тірегі...» ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ақтоғай ауданы орталығында жеке кәсіпкер Баян Искакова бағаны тұрақтандыру шеңберінде «Айналым схемасы» тетігін іске асыру үшін «Сарыарқа ӘКК» АҚ арқылы қаражат алып «Молдір Әлем» азық-түлік дүкенін ашты.

Жаңа нысанның ашылу салтанатына қатысқан ауан әкімі Руслан Кенжебеков азық-түлік дүкенінің жергілікті халықтың игілігіне айналарына сенім білдірді.

–Қандай да бір өрге басар істің артынан сабақтастық пен үйлесімділікті көруге болады десек, қазіргі таңда мемлекет тарапынан кәсіпкерлік саласына ерекше деңгей қойылып, бизнесті дамытуға қолайлы жағдай

Ұлтылған ұтады



жасалып келеді. Жан-жақты қолдаудың, кәсіпкерлікті дамытуға арналған түрлі бағдарламалардың нәтижесінде

аудан орталығымен қатар, кент, елді мекендерде де кәсіптен айналысуға ниетті азаматтар саны артып, кә-

сіпкерлік нысандары да көбейуде. Осы ретте бүгін аудан басшысында жаңа «Молдір Әлем» азық-түлік сауда үйі ашылды, - деді шарада сөз алған аудан башысы.

Дүкен алдына керілген лентаны аудан әкімі Р.Кенжебеков пен ауыл ардагері Ш.Естеков қиып, ауылдың ақжасулықты әжеселері құтты, берекелі болсын деп шаушұларын шапты.

Дүкеннің іші де көз тартады. Азық-түліктің барлығы бар. Сүт, шұжық өнімдерін де осы арадан алуға болады. Күнделікті қолданылатын тұрмыстық заттар да сатылады. Дүкеннің ашылу салтанатында жиналған жұртшылық сауданың табысты, кәсіпкерге жұмысының сәтті болуын тіледі. Тұрмыстық, азық-түлік тауарлардың неше түрі сұрыпталып жиналған сөрелерден аудан тұрғындары өздеріне керегін алып жатты.

Өз тілшімізден



Қиыр шығыс, Приморск өлкесі, Владивосток, Тройцк, Даманск, Ильинка, т.б. қытай соғыс ашқан қалалар мен деревнялар. Отан алдындағы жауынгерлік борыш, қиын кезең, үрей де қорқыныш, қауіп-қатер өмір мен өлім, өмір көрмеген жастық шақ. Шолжындаған, ата-ананың бетке ұстаған жалғыздары, әлдінің әлсізге жасаған озбырлығы, Алла деп аман-есен елге оралу.

Бұйрық келді «барасың», – деп армияға, Маза болмай үйдегі жанұяда. Бір-бір үйдің бетке ұстаған еркесін, Тізімге алды ұзын саны жиырма. Халықаралық жағдай жаман, ол кезде, Шекарадан қытай өтіп кеткенде. Бастықтардың алып қалған баласын, Осы жайды ертеректеу сезген бе. 21 сан команда екен құпия, Зам. военком адам екен зымия. Қайда дейміз жібересің біздерді, Москваға, дейді аздап жымия. Кете бардык айтқанына мөз болып, Көңіліміз көтеріліп жаз болып. Көрінбейді бастықтардың баласы, Байқалады қатарымыз аз болып. Басшылардың баласын қалдырады, Осыларды құдай қалай ондырады. Жалғыз ұлын жалынса да қалдырмай, Ата-анасы қынжылып абдырады. Ақтоғай қош бол енді оралғанша, Іштегі шер айтылмайды амал қанша. Кедейдің қынжылумен күні өтеді, Арманда кетеді ғой оралмаса, Қимай кетіп барамын Ақтоғайды, Көкірегімнен шашырап жыр тарайды, Өткенде Балықтыбұлақ үстіменен. Дүрсілі жүрегімнің тоқтамайды, Су іштік ақырғы рет бал бұлақтан,

Бұл бұлақ өткен талай сан сынақтан. «Құлыным, жалғызым», – деп зар жылаған, Кетер ме екен мұндай зар сан құлақтан.

Шеттен кейін Қарағанды апарды, Толықтырды осы жерде қатарды. Бір күннен соң тиіп алып поездға, Осыменен біздің сапар басталды. Деревня, қалаларды басып өттік, Байқалдың жағасымен есіп өттік. Бір Аллага сиынып ішімізден, Тескентаудың астымен тесіп өттік. Бір-бір үйдің еркесі бұландыған, Сыртқа шықпай ауылда сылаңдаған. Әлпештеген әр үйдің еркелері, Тербетпесе ертемен тұра алмаған. Кетіп бара жатырмыз еш алаңсыз, Ешнәрсені көрмеген көп санасыз. Алдында бақ па, сор ма тосып тұрған, Бұлыңғыр тұмандай ақ еш хабарсыз.

Киімінді өзін тігіп аласың. Наряд берсе қарсыласпай барасың, Бір ауыз сөз қайталасаң орынсыз, Түніменен кухняда боласың. Оқуменен жаттығулар жасатар, Тендеп алған көп қарулар шаршатар. Ашы терің шыққан кезде ішіннен, Еркіндікке сонда барып босатар. Командалар орындайсың күнімен, Дөңбекшисін жата алмай түнімен, Ауылды ойлап жатқан кезде шіркін ай, Оятады тревога үнімен. Командамен жүресің де тұрасың, Айта алмайсың, басты ішке бұғасың. Қара нанмен сұйық көже ішкенің, Асап жеген етке жетпес бір асым. Уақытпен жатқызар да тұрғызар, Қыбыр етсең старикке ұрғызар. Жағалассаң оларменен егерде, Ебін тауып гауптвахтыға барғызар. Алдыға сап строймен апарар,

Аkkордионмен орыстар славянка айтады.

Жиырма бала ішінде жоқ бір басшы, Бар ішінде жын-шайтан Омар бақсы. Жиырманың бастары қосылғанда, Су перісі әлдеқайда одан жақсы, Қанат, Қалтай Өмірсерік қалды жырақ. Мұса, Бейсен, Аралбай жүр жылаусырап, Шұбартаудың шалымен Өмірзақ жүр, Шалынып, шинеліне жерге құлап. Оразбек жүр екі көзі адырайып, Несіпбай түр бетіне бадырайып. Қапаспенен Мұхтархан арқарларша, Елден жырақ тұрады қодырайып. Дүйсенменен Серікжан төмен қарап, Маза бермей азын-аулақ шашын тарап. Екі Алтай екеуі зуылдайды, Сөздің майын тамызып, тілін жалап. Мұстахаев Серік жүр үйдей болып, Канафин Серік тұрар тұздай болып. Өзімнің де жетісіп тұрғаным жоқ,

Қияндағы қысқа ғұмыр

Жүріп бара жатырмыз ойнап-күліп, Ойға келген нәрсені жасап бүлік. Шойынжолдың жүрегі дүрс-дүрс соғып,

Межелі жерге жеттік он күн жүріп. Пойыздан машинаға тиіп салды, Мұрша жоқ бағдарлауға таяу маңды. Бағым ба, сорым ба деп біз келеміз, Болғанда арты қалай мынау алды. Қылаң беріп маужырап таң да атты, Қалың тоғай арасы шоқ боп жатты. Ғимараттар қираған өңі кетіп, Елдің көркі үрейден арылмапты. Естігенде Даманск, Тройцк, Соғыс болған жер екен зәрем ұшты. Қазақстаннан келгендер службаға, Деген де талай боздақ ажал құшты, Жер екен соғыс болған Қытайменен. Қалтырап, қорыққаннан кетті деңем, Қытайларын қазақты қырып салып. Беті қайтқан әйтеуір лазерменен, Стариктер тілдерін жалаңдатты. Дырылдатып машинкамен алды

Ақ дамбал ақ көйлекті кидірген соң, Бірін-бірі танымай қара басты. Жаңа берген киімді алды қинап, Өз ескісін ескерткішке берді сипап. Ауылдан барғандағы киімінді, Олжалап бөліп алды-ау талапайлап. Карантинді өткердік бір ай толық, Бір айда әжептәуір қалдық солып. Сұрыптап бөліп-бөліп жібергенде, Мен кеттім бас штабка шопыр болып. Қираған ғимараттар жөнделінді, Өртенген тоғайларын өңделінді. Дүндіз-түні машинамен арпалысып, Суық аяз теседі өнменінді,

Қайтқан малдай өрістегі әкелер. Орындайсың бұйырықты бұлжытпай, Сенің-дағы әкең емес мәпелер. Орман іші қалың қар, Бойында жастық жалын бар. Қысы қатты жер екен, Қалмасаң сыртта бағын бар. Жердің қиыр шеті екен, Қытайларын ош екен. Бір-бір үйдің жанпозын, Жібергені несі екен. Бұйрық берсе барасың, Айтқан тілді аласың. Аралап жүрдім ауылдай, Владивосток қаласын. Қытай мен Қазақстан екі арасын, Бөліп тұрар Кан көлі шекараны. Бір қадам өтіп кетсең шекарадан, Әкесіңнен қалғандай өш алады. Ильинкаға жерлепті өлгендерді, Өлгеніне баласының ел сенбейді. Жоқтау айтып басына кеп жатады, Құдай басқа бермесін мен көргенді. Кіре алмайсың ішіне биік қорған, Күзетеді солдаттар бұйрық алған. Дуал іші құпия сыр ашпайды, Есімдер бар сыртында қанмен жазған. Жағасымен жүріп келем Ханканың, Өзер шыдап келе жатыр қу жаным. Тонған аяқ сықырлайды аязбен, Білігіндей майланбаған арбаның. Таң келеді көкжиектен арайлап, Жата алмайсың подьемды қарайлап. Түндегі ішкен суық шәйдің әсері, Жүріп келем цемент жолды шимайлап. Эстон, латыш сырнайлатады, Өзбек, қырғыз даңғырлатады. Домбырамен күйін тартып қазақтар,

Далада өсіп тұрған шидей болып. Бұларды менен басқа кім біледі, Тілдерін адам емес жын біледі. Жиырмамыз бірге болмай жеке кетсек, Жағдайымыз қалай болар кім біледі. Қанша қиын болса-дағы күніміз, Қиындықта бірге шығар үніміз. Қай жағдайда жамандыққа қимайсың, Бір ғой туған жеріміз бен еліміз. Алтайский, Красноярский крайға, Целинаға жіберді екі айға. Әбүйірмен орындадық бұны да, Служба бітіп оралмақпыз Ақтоғайға. Есептейміз қанша күннің қалғаның, Елге қайту алға қойған арманың. Санаулы күн бітті әйтеуір бір күні, Санай-санай жауыр болған бармағым. Біз келеміз форма киген бірыңғай, Еркелік пен қындылық жоқ бұрындай. Келген ізім өзгермеген сол беті, Біз өзгердік гитараның сымындай. Көз алдымда келген ізім баяғы, Жадыраңқы жігіттердің қабағы, Тек алға деп алып ұшар жүрегім. Артта қалып Даманск аралы, Қиянға шығып кеттік-ау. Сынақтан талай өттік-ау, Басың аман, мүшен сау, Елге әйтеуір, жеттік-ау. Ақтоғайдан басталған мұн-зарымда, Ашы зары ананың құлағымда, Ұлын іздеп жылағандар еске түссе Келеді әлі күні жылағым да, Өлгендерге дұға, тірілер әссе жазамын.

1969-1971жж. Ақан Боканов, сержант.

*Дін – бірліктің діңгегі

Зайырлы қоғам және жоғарғы руханилық – біздің басты құндылығымыз

Мемлекет – қоғамның саясатын жүзеге асыратын саяси ұйым. Мемлекеттің басты қазынасы – адам және адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары. Зайырлы мемлекет болса, осы қағидаларды тереңірек қарастырады. Зайырлылық – гуманистік құндылықтар, соның ішінде адамның ар-ұждан және наным-сенім бостандығын еркін пайдалану. Әр мемлекет адамзатының дүниетаным еркіндігін сыйлап, қоғамның рухани саласында көптірлікті мойындау. Осы орайда зайырлылық пен руханилықты қарастырсақ, зайырлылық – мемлекет басқарудың формасы деп алсақ, ал руханилық – діннің құрамдас бөлігі.

Қазақстан зайырлы мемлекет болғаннан соң оның негізгі басымдықтары адамдардың өз құқықтарына беріледі. Құқықпен қорғалған және сол берілген құқықты жақсы пайдалана білетін адам, қоғам, мемлекет қана жоғары қарқынмен дамиды. Жалпы, құқықтық мемлекет – конституциялық басқару тәртібі, дамыған құқықтық жүйе мен тиімді сот билігі бар мемлекет екені белгілі. Құқықтық мемлекет – өзінің негізгі институттары ретінде билік бөлінісін, сот тәуелсіздігін, басқару заңдылығын, мемлекеттік билік тарапынан азаматтардың құқық бұзылуына жол бермеуді және оған қоғамдық мекеме тарапынан тигізілген залалдың құнын өтеп алуды қарастыратын мемлекет. Құқықтық мемлекет идеясының сан ғасырлық тарихы бар. Ол сонау ежелгі дәуірден бастау алады. Қазіргі ғаламдық әлемде

құқықтық мемлекет тұжырымдамасы мемлекет, қоғам және азаматтың ара қатынасын қалыптастырудың әмбебап идеясы болып отыр. Құқықтық мемлекет идеясының мәні – оның бірізді демократиялылығы, билік көзі ретіндегі халық егемендігін бекіту, мемлекеттің қоғамға бағынуы. Құқықтық мемлекет идеясындағы бастысы – мемлекеттің және оның органдарының зорлық-зомбылығынан, басынуынан азаматтарды қорғау кепілі болатын мемлекеттің құқықпен байланыстылығы. Құқықтық мемлекет, ең алдымен, барлық мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер және азаматтар бағынуы тиіс өзіндегі құқықтық ережелермен өзін-өзі шектейтіндігімен ерекшеленеді, ал ондағы басты принцип – құқық үстемдігі. Мемлекетке қажетті нағыз азаматтар құқықты қару етіп ұстана білумен қатар, руханияты, патриотизмі өте жоғары деңгейде болуы керек. Адамның дүниетанымының кендігінен, жанының нәзіктігінен, санасының жоғарлығынан, әділеттілік үшін күресте белсенділігінен, өзгелерге қайырымдылығы мен ізгі ниеттілігінен көрініс беретін оның ішкі әлемі «рухани байлығы» болғандықтан, президентіміздің зайырлы қоғам мен жоғары руханиятты ел құру бастамасы біздің ең абыройлы міндетіміз болып саналамақ.

Ш.Елеген,
Ақтоғай аудандық жастар ресурстық орталығының директоры.

«Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ. Мен барша қазақстандықтарды ұлтаралық және конфессияаралық келісімді одан әрі нығайтуға шақырамын» деген Мемлекет басшысының сөзі жайдан-жай айтыла салған сөз емес, салмақты, сана сілкіңтер сөз. Бірлік пен келісімнің арқасында бүгінгідей мамыражай тіршілік кешіп, құда-жекжатты болып, туысқа айналдық. «Тәрбие басы – тал бесік» демекші, отбасындағы, үйдегі аналар, әжелер

елорда және мәңгілік мемлекет болуды мұрат тұтады. Бірлік пен келісім ел дамуының бастауы болды. Киелі қазақ жерінің көркеюі, бейбітшілік пен келісім – біздің басты байлығымыз. Біз де барлық отандастарымыз секілді күнделікті адал еңбегімізбен туған ауылымызды көркейтеу жолында аянбай еңбек етіп келеміз. Ауылымыздың аты жақсы деп аталса төбеміз көкке жеткендей қуанамыз. «Итің жаман екен» десе өкпелейтін халықпыз. Сондықтан,

Бірлік және келісім – Қазақстан дамуының негізі

мектебі осы тұста мықты діңгек болуы керек. Баланың санасына ұлттың жаманы болмайтындығын құйып, түсіндіріп, татулықтың, бірліктің, келісімнің нәтижесі биік шыңдарға шығаратындығын әркез айтып отырған ләзім. Қазақстан дүниежүзіне бейбітшіліктің бастауы, тұрақтылықтың талбесігі, тыныштықтың тұтқасы һәм конфессияаралық келісімнің ордасы ретінде танылып отыр. Бүгінде әлемде теңдесі жоқ аталмыш институт ел аумағындағы ұлттық-мәдени орталықтар мен бірлестіктердің құрылуына ықпал етіп отыр. Аталмыш институт қоғамдық келісімнің кепілі, бірліктің діңгегі, достықтың дәнекері болып отыр. Тағдыр табыстырып, тарих тоғыстырған түрлі этнос өкілдері азаттықтың арайлы таңында ортақ Отанымыздың іргесін бірге қаласып жатыр. Қазақстанды тегі басқа болғанымен, теңдігі бір, қаны бөлек болғанымен, жаны бір ұлттар мен ұлыстар мекен етіп отыр. Олар көк Тудың астында бірігіп, туған жердің абыройын асқақтатқысы келеді. Мәңгілік халық, мәңгілік

туған жеріміздің сұлу, көркем, ең бастысы, таза болғандығын, ондағы тұрғындардың бір-бірімен тату-тәтті өмір сүруін қалаймыз. Күрделі міндеттерді шешудің негізі бірлікте екендігін жадымыздан еш шығармай, достық пен келісім арқылы ғана Қазақстанды биік белестерді бағындыратын еңселі мемлекетке айналдыра аламыз. Бірлік пен келісім – Қазақстан дамуының негізі. Егер осы қасиеттер бойымызда болмаса, әрқайсысымыз өз білгенімізше сан-саққа, жан-жаққа тартар болсақ, онда тұрақтылық та, бейбітшілік те, достық та болмайды. Әр адам туған жеріне тағзым етіп, оның өркендеуіне үлес қосқанда, қасындағы көршісіне қолғабыс көрсеткенде, бір-біріне бауырмалдық танытқанда ғана бірлігі жарасқан, келісімі келіскен ғажайып елге айналамыз. Біз сол жолда келе жатқандармыз. Дамудың төте жолы – бірлік пен келісімде.

Ә.Әбіл,
Ақтоғай аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы.

*Құқық заңнамасы

Абай болыңыздар, алаяқтар !

Қазіргі таңда, азаматтардың ұялы телефондарына алаяқтар қоңырау шалып, олардың сеніміне кіріп, әр-түрлі сылтау айтып, жалған қызметтік куәліктерін «WhatsApp» қосымшасына немесе т.б. жіберіп, өздерін банктің меңджерлері немесе өзіндік қауіпсіздік қызметкері ретінде таныстырып, азаматтардың атынан алаяқтар несиесі рәсімделіп жатыр деп алдап және соны тоқтату үшін бірқатар операцияларды орындауға мәжбүрлейді.

Осындай өтірікке сенген азаматтар алаяқтардың айтқан программасын немесе басқада қосымшаларды өздерінің ұялы телефондарына жүктеп, өздеріне жіберілген SMS хабарламалардағы кодтарды алаяқтарға айтып береді. Сол арқылы алаяқтар азаматтардың атынан несиесі рәсімдеп кейіннен ақшаны белгісіз шоттарға аударып алады.

Естеріңізде болсын! Өздеріңізді алдау арқылы рәсімделген несиені төлеудегі жауапкершіліктен сіздерді ешкім босатпайды. Банкердің алдында несиені өздеріңіз алғандай жауапты болып, өздеріңіз өтейсіздер. Сондықтан кез келген күдік тудыратын қоңыраулар бойынша белгісіз адамдармен сөйлесуден, оларға қандайда бір жеке ақпараттарыңызды айтудан сақ болыңыздар.

Сонымен қатар, банктің қызметкерлері сіздерге ешқашан өздері қоңырау шалып қандайда бір бағдарламаны ұялы телефоныңызға орнатыңыз («Anydesk», «TeamViewer», «HotToDesk», «Rust Desk») және жіберілген SMS хабарламалардағы кодтарды айтыңыз деп хабарласпайды. Егерде, сіздерге осындай күдік тудыратын белгісіз тұлғалар хабарласып, өздерін банктің қызметкері ретінде таныстырып, жоғарыда көрсетілген жағдайларды орындауға мәжбүрлесе, бірден тұтқаны қойып банкердің жұмыс телефондарына хабарласыңыз немесе мүмкіндік болса сол банктің кеңселеріне барыңыз.

Сондай-ақ, бүгінде kolesa.kz, adi.kz, olx.kz, dogovor24.kz сияқты кейбір сайттардағы сауда алаңдарында алаяқтық фактілері жиі кездеседі. Алаяқтар одан бөлек, фейсбук, вКонтакте, мейл ру, одноклассники, whatsApp, telegram, instagram әлеуметтік желілерін пайдалану арқылы әртүрлі тауар, өнім, қызмет түрлерін сатуға жарнама орналастырады. Бұл жағдайда сандық көрсетілімі бар белгілі бір өнімді сатқанда алдын ала қiwi-әмиянға, түрлі банкердегі шоттарға төлем аударуды талап етеді. Кейіннен шот иелерін тексерген кезде олардың өзге адамдардың атынан тіркелгені белгілі болады. Алдын ала төлем жасасқан алаяқтар жәбірленушілер мен кез келген уақытта байланыста болады.

Интернет алаяқтарының құрбаны болмау үшін:

- расталмаған сату көздерін пайдаланбаңыз;
- кез келген жағдайда банк картасы бен шоты туралы мәліметті ешкімге бермеңіз. Әсіресе, интернет арқылы байланысқан кезде;
- интернет, соның ішінде әлеуметтік желілер арқылы жасалатын күмәнді мәліметке жоламаңыз;
- интернет порталдары арқылы мүлкті сатып алу (сату) кезінде ешқашан алдын ала келісім жасаманыз;
- төлем жүйелерімен белгісіз тұлғаларға ақша аударманыз;
- автомобиль мен оның қосалқы бөлшектерін сатып алғанда достарыңыз бен таныстарыңызға айтып, сатушымен кездесуді және сатып алынған өнімді тексеруді өтінізіз.

Егер өзіңіз немесе жақындарыңыз зардап шеккен болса, уақытында мына байланыс телефон нөмірлеріне хабарласыңыз: 102, 2-16-90,

Ақтоғай ауданының ПБ .

Ақтоғай ауданының білім бөлімінің ұжымы және аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы Т.Ақышұлы атындағы негізгі білім беретін мектебінің директоры Мунайтбасов Ерланбайға анасы **Сәдуқызы Төлұғазының**, Т.Ақышұлы атындағы негізгі білім беретін мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары Мухсинова Гүлнұрға анасы **Шаймұхамбетқызы Зағымның**, білім бөлімінің бас есепшісінің орынбасары Сейсембекова Гүлшатқа ағасы **Қайырбек Қойбағарұлының**, Ақши негізгі білім беретін мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары Ногаева Төлүбалаға анасы **Тышқанбайқызы Ақбаланың**, білім бөлімінің экономисі Мусина Алтынға анасы **Жақыпбекқызы Үміттің** қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, отбасыларына, туған-туыстарына көңіл айтады.

Еріктілердің игі ісі

Ата-бабадан жалғасып келе жатқан қазақ халқының өнегелі қасиетінің бірі – қариясын құрметтеу. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деп бекер айтылмаса керек. Қазақ халқы қашанда қариясына ізет пен құрмет көрсеткен.

Өңірімізге қыс әдеттегіден кеш түссе де аз уақыттың ішінде қалың қар жауып, аулалар қарға көмкеріліп қалды. Бұл әсіресе егде жастағы және жалғызбасты адамдарға қиын, олар аулаларын өз бетінше күрей алмайтыны анық. Осыған байланысты Ақтоғай ауданының жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжінің волонтерлері жалғыз басты қарт кісілердің үйіне барып, ауласының қарын тазалап көмектесіп қайтты. Акцияның мақсаты-жалғыз басты қарттарға, тыл еңбеккерлеріне, мүгедектерге аула аумақтарын қардан тазалауға көмек көрсету.

Ақтоғайлық еріктілер қысты күні қар тазалауға көмектесумен қатар, халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан отбасыларға азық-түлік себеттерін тасымалдайды, қарт кісілерге отын кесуге көмектеседі.

«Бүгін біз ата-әжелерімізге қар күреуге көмектестік. «Ардагерім – ардағым» акциясын жыл сайын тұрақты өткізіп жүрміз. Бұл шықырлаған аязда ерекше көңіл сыйлайды. Ауылдағы жастарды осыдан үлгі алуға шақырамын. Еріктілер қозғалысының қатарына қосылыңыз!» – деп шақырады белсенді еріктілер.

2,5 пайыздық несие – жастарға арналған несібе

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында: «Мемлекет экономикалық еркіндікті қолдайды. Бірақ халықты нарық тұрақсыздығының ықпалынан барынша қорғайды. Шағын және орта бизнесті мейлінше дамытады», – деп кәсіпкерлерге айрықша қолдау көрсетілетінін атап көрсетті.

Мұндағы негізгі мақсат – шағын және орта бизнесті ел экономикасының басты драйверіне айналдыру. Жалпы Жолдау жүктеген міндеттердің жүзеге асырылу нәтижесіне зер салсақ, өткен жылдан бастап кәсіпкерлік саласында сен қозғалып, бизнестің дамуына қатысты арнайы реформа жүзеге асырыла бастағанын байқауға болады. Сонымен қатар жастарға қолдау ретінде 2,5 пайызбен несие беру жүзеге асырыла бастады. Осы ретте жуырда ауданның жастар ресурстық орталығының директоры Ш.Елеген мемлекеттік гранттар және мемлекеттік бағдарлама бойынша берілетін аз пайыздық несие жөнінде жастарға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

– Мемлекет үшін мұның тиімділігі жастарды қолдай отырып, олардың арасындағы жұмыссыздықты азайтуда болып тұр. Сонымен қатар осы арқылы жас кәсіпкерлер несиеге қол жеткізіп, өз жұмысын жандандырса, елде бизнес нысандарының қатары да артады. Несие алуға ниеттенген өңірлік өрендер жергілікті жердегі жұмыспен қамту орталықтарына барып, алдын ала кеңес аласа артық болмайды, – деді Ш.Елеген.

Десе де мынадай нарықтық заманда бос жүрген жастар жолын тауып, елмен бірге жанталасып, жеңілдетілген несие немесе грант алуға ұмтылуы қажет. Мемлекет жасаған мүмкіндікті халқы мүлт жібермей, жағдайын түзеп алған елдің ғана әлеуметтік-экономикалық ахуалы жақсарайды.

Өз тілшімізден.

Құттықтаймыз!



Құрметті Есенбаев Кабдыман Серікбайұлы!

Сізді 70 жасқа келген мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Денсаулығыңыз мықты болып, сол денсаулықтың арқасында бала-шаға, отбасыңыздың қуаныш-қызығын көре беріңіз. Өрқашанда аспаныңыз ашық болсын. Өмірдің өрінде, дастарханның төрінде күліп-ойнап жүре беріңіз. Басыңыздан бақ, астыңыздан тақ кетпесін. Үйіңізде баянды бақ, аяулы шақ болсын. Қанатыңыз мұқалмай, тұяғыңыз сүрінбей, дәл осы жігеріңізбен 100 жасқа келіңіз.

Тілейміз бақытты өмір, ашық аспан, Жалғанда тілек бар ма одан асқан. Аман болып жанұяң мен бауырларың, Жалғансын ақ тандарың нұрын шашқан.

Ақ тілекпен: Қайыркүл, Қарлығаш, Төлеу апа, Күләш тәте, Доклад, Рысжан, Ырзық, Шәмшия, Берік, Өмірсерік, Базаралы, Жоламан, Нұрлан-Айгүл, Орал, Қуаныш, Гүлсім тәте, Мәулен, Асхат, Нұрзия.

Құттықтаймыз!



Құрметті де қадірлі, дос-жаранға жаны ізгі құдамыз **Омаров Қайратты** 63 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз.

Қайреке! Өмірдің бір белесінен өтіп, құрметті демалыс деген кезеңге жеттіңіз. Осы қуанышты сәтте жанұяңыздың шаттығына бөленіп, немерешөберелеріңіздің қызығына кенеліп, бақытты өмір сүріңіз. Жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын.

Тілейміз бақытты өмір, ашық аспан, Жалғанда тілек бар ма одан асқан. Қайрат құда денсаулығың мықты болсын, Жалғасын ақ тандарың нұрын шашқан. Зымырап өтіп жатыр уақыт деген, Өмірдің бар жақсылығын артып берем. Бір жастықта қартайып 100-ге жетші, Сары алтындай құдағи Бақытпен.

Игі тілекпен: құда-құдағиыңыз – Нұрлан-Бану.

Құрметті аудан тұрғындары!

Аудандық "Aqtogai ажару" газеті редакциясында 3*4, 5*6, 10*15, А4, А3 форматтағы түрлі-түсті фотолар, отбасылық күнтізбелер, алғыс хаттар, мадақтамалар, буклеттер, тойларға шақырулар, т.б. тапсырыс бере аласыздар!



Құттықтаймыз!

Ардақ тұтар бауырымыз **Марат Көкеевтің** ер-азаматтың кемел шағы 50 жасқа толуы – біз үшін үлкен қуаныш. Бауырымыз Маратты ағайын-туыс, жора-жолдастары барша елге сыйлы, беделді азамат ретінде таниды. Біз абыройға бөленген бауырымызды әркез мақтан тұтамыз. Бауырымызды өмірінің маңызды белесі 50 жасымен шын жүректен құттықтап, алпыстың асуынан алқынбай асып, жетпістен желіп өтіп, сексеннің сенгірінен сүрінбей, тоқсанның тұғырына шық деген ажарма тілегімізді арнаймыз. Өрдайым бақыттың базарында, Алланың назарында бол!

Артта қалып бес асу мен бес белең, Өрге тартып барады өмір-көш деген. Келіп қалдың ердің жасы елуге, Туыс-туған, ел-жұртыңмен өскелең. Дүниенің көріп думан, дүрмегін, Бір ғанибет ортамызда жүргенін. Қуанышқа толы болып өмірін, Таусылмасын шат-шадыман күндерін.

Ақ тілекпен: Бейбіт-Раушан, Мейрам-Сәуле, Зәуреш, Қыдыр, Әлия, Шамиля, Берлібай-Бақыт, Марлен-Бота, Манат-Гулфайрус, Ерден, Ернат.

Құттықтаймыз!

Құрметті **Кукеев Марат Керімбайұлы!**

Ер-азаматтың кемел жасы елуге толуы – біз үшін үлкен қуаныш. Ағайынға, жақын-жұрағатқа, дос-жаранға ғана емес, өзіңді білетін барша жанға сыйлы, беделді азаматсың, қол жеткізген жетістіктерің көп, бірақ бұдан да биік белестерді бағындыруыңа, тоқтамай, жаңа мақсаттарға ұмтылуыңа тілектеспіз.

Тағдыр ұзағынан сүйіндірсін, шаңырақтарыңда лайым шаттық, құт-береке үзбесін, мерейің дөйім үстем етсін, балаларыңыздың қуанышына кенелтсін.

50 деген ердің жасын еңсеріп, Еңбегіңмен сен келесің тер төгіп. Армандардың аттанғанда шыңына, Қызыр өзі болсын саған жолсерік. Отбасының берекесін қамдаған, Бар өмірін жақсылыққа арнаған. Сендей жанға Алла өзі дем беріп, Қиын кезде қуат беріп қолдаған.

Игі тілекпен құдағиыңыз Дәметкен, Әділхан-Гүлден, Аруна, Мәрям.

Сенім телефоны

«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексінің, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8 (71037) 2-10-44 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: "Ақтоғай ажару" газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 850 дана



Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай

ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.